Фото және видео-архивтер: Ортаның бала қызметіне қарай қалай өзгеретінін (трансформациясын), жиһаздардың қозғалмалылығын, материалдардың ашық сөрелерде баланың көз деңгейінде орналасқанын дәлелдейтін медиа-материалдар.
Ата-аналар арасындағы сауалнамалар: Ата-аналардың балабақшадағы ортаның баланың дамуы мен психологиялық жайлылығына әсері туралы пікірлерінің талдауы.

Есепке арналған дамытушы ортаның өлшемшарттар кестесі

Дамытушы ортаның өлшемшарттары (критерийлері)	Атқарылған жұмыс / Бар жағдай	Растаушы материалдар (Құжаттар)
Эмоционалдық жайлылық	Топтарда психологиялық жеңілдік пен тыныштық аймақтары ұйымдастырылған.	Психолог қорытындысы, «Көңіл-күй бұрышының» суреттері.
Қызмет түрлерін таңдау мүмкіндігі	Балалардың қызығушылығы бойынша 5 белсенділік орталығы жабдықталған.	Топ төлқұжаты, «Таңдау тақталарының» фотосы.
Бірлескен іс-әрекет	Балалардың жұппен, шағын топпен жұмыс істеуіне арналған мобильді жиһаздар бар.	Ұжымдық жобалар, топтық жұмыстардың фотолары.
Материалдардың қолжетімділігі	Барлық дамытушы ойыншықтар мен құралдар ашық, төменгі сөрелерде.	Заттар мен құралдардың инвентарьлық тізімі.

ЖШС «Super baby-S» балабақша құрылтайшысы: М.О. Жанахметова

ТОО детский сад «Super baby - S» балабақшасы ЖШС

Аналитикалық анықтама 8 критерий бойынша

1. Нормативтік-әдістемелік және жоспарлау материалдары

МЖМБС (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты): Баланы дамытудың 5 негізгі саласы (денсаулық, қатысым, таным, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар) бойынша ортаның сәйкестігін айқындайтын нормативтер.
Балабақшаның дамытушы ортаны құру тұжырымдамасы немесе моделі: Топтар мен ортақ кеңістіктердегі (музыка, спорт залдары, аула) ортаның трансформациялану принципін сипаттайтын құжат.
Топтардың заттық-кеңістіктік ортасының төлқұжаттары (Паспорт белсенділік орталықтары): Әр топтағы дамыту орталықтарының (сюжеттік-рөлдік ойындар, сенсорика, өнер, ғылым/зертхана, кітап бұрышы) тізімі мен мазмұны.

2. Баланың таңдау құқығы мен бірлескен іс-әрекетін дәлелдейтін материалдар

«Таңдау тақталары» немесе «Жоспарлау экрандары» (Технологиялық материалдар): Балалардың таңертеңгілік шеңберде өздері айналысқысы келетін орталықты (қызмет түрін) және серіктестерін өз бетінше таңдағанын көрсететін көрнекі құралдар фотосы мен сипаттамасы.
Интеграцияланған және икемді сабақ кестелері: Баланың еркін әрекетіне, дербес және топтық жобаларына арналған уақыт блогтарының бөлінуі.
Бірлескен жобалар күнделігі/альбомдары: Балалардың бірлесіп жасаған өнімдері (ұжымдық аппликациялар, құрастыру макеттері, бірлескен суреттер).

3. Эмоционалдық әл-ауқатты айқындайтын диагностикалық материалдар

«Көңіл-күй бұрышының» (Эмоция бұрышы) материалдары: Балалардың таңертең және күні бойы өз эмоционалдық күйін белгілейтін құралдары, «Тыныштық аймағының» немесе «Жалғыздық бұрышының» (шатырлар, жұмсақ жастықтар, релаксациялық ойыншықтар) жабдықталуы.
Педагог-психологтың зерттеу материалдары: Балалардың топтағы эмоционалдық жайлылығын, мазасыздық деңгейін және әлеуметтенуін анықтайтын социометриялық және бақылау карталарының қорытындылары.
Педагогтердің бақылау күнделіктері (баланың жеке даму карталары): Баланың бастамашылдығы мен дербестігін бақылау хаттамалары.

4. Сараптамалық және бағалау материалдары (Тексеруге дайындық парақтары)

ЗКДО-ны бағалаудың халықаралық немесе отандық шкалалары (мысалы, ECERS-3 немесе ұлттық чек-листтер): Кеңістіктің қауіпсіздігін, қолжетімділігін, полифункционалдылығын және өзгермелілігін бағалау парақтары.